



Солтүстік
Қазақстан
облысы

Петропавл
қаласы

Қожаберген
жырау
атындағы
№6 орта
мектеп

Математика
пәні мұғалімі

Есенеева


Гульнара

Жаксыбаевна


Сабақ тақырыбы: Ондық бөлшектерді натурал санға бөлу



Оқу мақсаты: 5.1.2.30 Ондық бөлшектерді натурал сандарға бөлуді орындау



Сабақ мақсаты: Ондық бөлшекті натурал санға бөлу арқылы қалыптасқан түсініктерін қолданып, талдайды



Сабақ түрі: Толықтыру

Бағалау критерийлері:

Теңдеулер
шығаруда
көбейту
ережелерін
сақтайды

Сөзді есептер
шығаруда ондық
бөлшектерді
натурал
сандарға
бөлудің жеңіл
әдістерін
талдайды

Санды өрнектер
шығаруда ондық
бөлшекті
натурал санға
бөлуді
қолданады

Пәнаралық байланыс:

география,
ағылшын тілі,
тарих

Тілдік мақсат:

Ондық бөлшек - *десятичная дробь* -
Decimal

Натурал сан *натуральное число*
natural number

Бөлу *деление* dictribution

Құндылықтар:

Қазақстан
тәуелсіздігі
және Астана

Күтілетін

нәтиже: ондық бөлшекті натурал санға бөлуді қолданады

Алдыңғы білім: ондық бөлшекті ондық бөлшекке қосу және ондық бөлшекті ондық бөлшектен азайту, ондық бөлшектерді көбейту, ондық бөлшектерді салыстырады

Ұйымдастыру :
сәлемдесу, «Мозайка»
тренингі арқылы топқа
бөлінеді

Сыныптың
психологиялық ахуалын
жақсарту:

"Топта бір-біріне жақсы
қасиеттерін атайды"

Үй жұмысын тексеру:
"Ыстық орындық": сұрақ-
жауап

№1398 (3 баған)

№ 1399 (3 баған) дайын
жауап арқылы

№1405 Теңдеуді шеш:



БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙИ	ТАПСЫРМА	ДЕСКРИПТОР	БАЛЛ
Теңдеулер шығаруда көбейту ережелерін сақтайды	№1, 2	Қосуды орындайды	1
		Ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
		Сәйкесінше үтірді орналастырады	1
		Дұрыс жауабын жазады	1
	№3	Ондық бөлшекті натурал санға көбейтеді	1
		Ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
		Сәйкесінше үтірді орналастырады	1
		Дұрыс жауабын жазады	1
	№4, 5	Белгісіз мүшелерді қосу	1
		Ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
		Сәйкесінше үтірді орналастырады	1
		Дұрыс жауабын жазады	1
	№6	Белгісіз мүшелерді азайту	1
		Ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
		Сәйкесінше үтірді орналастырады	1
		Дұрыс жауабын жазады	1

Кері байланыс: мұғалім-оқушы

№ 1403

Көкшетау - Астана пойызы 4 сағатта 251,6 км,

Қарағанды - Астана пойызы 5 сағатта 298 км жол жүрді. Пойыздардың жылдамдықтарын тауып, салыстырыңдар.



БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ	ДЕСКРИПТОР	БАЛЛ
Сөзді есептер шығаруда ондық бөлшектерді натурал сандарға бөлудің жеңіл әдістерін талдайды	Есеп шартымен танысады	1
	Ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
	Көкшетау - Астана пойызының жылдамдығын табады	1
	натурал санды натурал санға бөледі	1
	Қарағанды - Астана пойызының жылдамдығын табады	1
	ондық бөлшектерді салыстырады	1

Кері байланыс: мұғалім-оқушы

Физминутка "Көңілді көңіл-күй"

№ 1409 Өрнекті ықшамда

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ	ТАПСЫ РМА	ДЕСКРИПТОР	БАЛЛ
Санды өрнектер шығаруда ондық бөлшекті натурал санға бөлуді қолданады	1; 2; 5	жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдырады	1
		Ондық бөлшекті ондық бөлшекке қосады	1
		ондық бөлшекті натурал санға бөледі	1
	3; 4; 6	жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдырады	1
		Ондық бөлшекті ондық бөлшектен азайтады	1
		ондық бөлшекті натурал санға бөледі,	1

Кері байланыс: мұғалім-оқушы

Қорытындылау: әр оқушының жұмыстарына байланысты бағалау парағы:

Оқушының аты-жөні _____

1. **13-12 балл** - керемет, тақырыпты жақсы игеріпсің.
2. **11-9 балл**- жақсы нәтиже, бірақ аздаған қате бар
3. **8-6 балл** - жаман емес, талаптануды керек етеді
4. **5-0 балл** - тырысып жүрсің, қателіктермен жұмыс істеу керек

Кері байланыс: оқушы-мұғалім, мұғалім -оқушы

Қолдарына берілген стикерлерге аттарын жазып, сосын жапсырады



Үй жұмысы: 1) Бір жылда бойларыңның орта есеппен неше см өсетіндігін есептеп келіңдер (есептегенде толық жастарыңды алыңдар).

2) Мектеп пен үйлеріңнің арақашықтығын өлшеп, 5-ке бөліп, километрмен өрнекте.

3) Сабинаның туған күніне 14 сыныптастары келіп, бір тортты бөліп жейді. сонда әр бала торттың қандай үлесін жейді?

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ	ТАПСЫРМА	ДЕСКРИПТОР	БАЛЛ
Тәжірибе жұмысын жүргізеді, есептейді	1; 2	Өлшеу жұмыстарын жүргізеді	1
		Өлшем бірліктерін есеп шартымен сәйкестендіреді	1
		Санды өрнек құрады	1
		Жауабын жазады	1
	3	Тортты бірдей бөліктерге бөледі	1
		Үлес бөлігін есептейді	1
		Жауабын жазады	1

Назарларыңызға
рахмет!

